




Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2021 Мамыр

2021 жылғы мамырда инфляция 0,7% құрады (сәуірде – 0,9%). Азық-түлік тауарларының бағасы бір айда 0,8%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 0,6%-ға, ақылы қызметтер 0,7%-ға өсті. Жылдық инфляция 7,2% құрады.


Өңірлер бойынша айлық инфляцияның жеделдеуі 13 өңірде, баяулауы 4 өңірде орын алды. Мамырда бағаның өсу қарқынының ең көп ұлғаюы Түркістан және Жамбыл облыстарында байқалды (1,0%-ға). Жылдық инфляция 10 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Маңғыстау және Ақтөбе облыстарында тіркелді (тиісінше, 8,3% және 8,1%).

1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция серпіні (2020 мамыр – 2021 мамыр), %-бен




Алматы қаласы мен Алматы облысы Қазақстан бойынша ТБИ өсуіне едәуір үлес қосудың жалғастыруда (тиісінше 1,1 п.т. және 0,8 п.т.), олардың ТБИ-де салмағы ең жоғары. Осы өңірлерде бағаның өсуі тиісінше 6,7% және 7,2% болды.

2-сурет. ТБИ-дегі өңірлердің салмағы, %-бен үлесі



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

3-сурет. ТБИ-ге өңірлердің үлесі, %-бен




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары бір жылда 9,3%-ға (сәуірде – 9,8%-ға) қымбаттады. Ең төменгі өсу Нұр-сұлтан қаласында (7,7%), ең жоғары өсу – Атырау (10,9%) және Қарағанды (10,8%) облыстарында байқалды.

Ел бойынша азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 6,7%-ға (сәуірде – 6,4%-ға) өсті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының ең жоғары өсуі Нұр-Сұлтан қаласында (7,8%), ең төмен өсуі – Павлодар және Жамбыл облыстарында тіркелді (сәйкесінше, 5,8% және 5,9%).

Елімізде ақылы қызметтер 5,1%-ға (сәуірде 4,1%-ға) қымбаттады, Ақтөбе облысында бағаның өсуі 8,7% болды, Нұр-Сұлтан қаласында ақылы қызметтер бағасы айтарлықтай төмен өсті (3,7%).

4-сурет. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ


Азық-түлік тауарларына бағаның өсуі ТБИ-ге ең көп үлес қосуды жалғастыруда. Өткен айда осы топтың баға өсуінің айлық инфляцияға (0,7%) қосқан үлесі 0,31 п.т. болды (сәуірде – 0,41 п.т.), оның ішінде 0,10 п.т. (сәуірде – 0,09 п.т.) ет және ет өнімдеріне бағаның өсуі (5-сурет). Жемістер мен көкөністерге бағаның өсу үлесі айтарлықтай азайып, сәуірдегі 0,12 п.т.-тан мамырда 0,02 п.т. төмендеді.

Жалпы ел бойынша азық-түлік бағасы 0,8%-ға өсті (сәуірде – 1,0%). Сонымен қатар Түркістан облысында азық-түлік тауарларының бағасы 1,4%-ға, ал Шымкент қаласында 0,4%-ға өсті.

Өткен айда азық-түлік тауарлары ең көп қымбаттаған Түркістан облысында ет және ет өнімдеріне баға 2,3%-ға өсті (құс еті – 6,1%, жылқы еті – 2,5%), ал Қазақстан бойынша өсу 0,9% болды. Қой еті ең көп қымбаттаған Алматы қаласы (10,5%) мен Алматы облысы (4,5%), елдегі орташа баға өсуі - 3,2%.

Алматы қаласы мен Алматы облысынан басқа аймақтардың бәрінде жұмыртқа арзандады. Аталған аймақтарда жұмыртқа бағасы сәйкесінше 1,4% және 1,1% жоғарылады. Жалпы ел бойынша жұмыртқа 2,8%-ға арзандады, ал ең көп арзандау Ақтөбе (13,5%) және Атырау (11,8%) облыстарында болды.

5-сурет. Бір айда азық-түлік бағасының инфляцияға қосқан үлесі (п.т.)



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың айлық инфляцияға қосқан үлесі 0,18 п.т. (сәуірде 0,29 п.т.), оның ішінде 0,05 п.т. жанармай бағасының үлесі. Елде бір айда бағаның өсуі 0,6% (сәуірде – 1,0%) болды. Ең жоғарғы өсу Ақтөбе облысында орын алды (0,9%), аймақта жанармай бағасының да ең жоғарғы өсуі (5,6%) тіркелді, жалпы елде жанармай бағасы 1,8% жоғарылады. Өткен айда елде жанармай 6,0% қымбаттағанда, ең төменгі өсу қарқыны (3,7%) Ақтөбе облысында тіркелгенін айта кеткен жөн. Жанармай Ақтөбе облысынан басқа, жалпы республикалық деңгейден жоғары Ақмола (4,6%), Түркістан (3,6%), Қызылорда (2,3%) және Солтүстік Қазақстан (2,2%) облыстарында қымбаттады. Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үйді жөндеуге арналған материалдардың бағасының өсуі жалпы республикалық (0,6%) мәннен асып, 2,4% құрады.

Ақылы қызметтер бағасының қосқан үлесі мамыр айында азық-түлік емес тауарлардың үлесінен жоғарырақ болды - 0,22 п.т. (сәуірде - 0,15 п.т.), бір айдағы бағаның өсуі – 0,7% болды (сәуірде – 0,5%). Ақылы қызметтердің айтарлықтай қымбаттауы Жамбыл (2,3%), Маңғыстау (1,9%), Батыс Қазақстан (1,1%) облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында (1,0%) орын алды.

Жамбыл облысында жолаушы тасымалдау қызметі едәуір (15,1%) қымбаттады, ал елдегі өсім 1,3% құрады. Көптеген аймақтардағы байланыс қызметінің бағасының өзгермегеніне қарамастан, Маңғыстау облысында бұл қызмет 6,9% қымбаттады. Сонымен қатар, шаштараз бен жеке қызмет көрсету елде 1,1% қымбаттағанда Маңғыстау облысында 9,6% қымбаттады. Батыс Қазақстан мен Нұр-Сұлтан қаласында электроэнергия елдегі 1,7%-дан әлдеқайда асып, сәйкесінше 15,0% және 11,3%-ға қымбаттады.